



Бекітемін
«Балапан» бөбекжай бақшасының
менгерушісі: Р.О. Шамшиева
«29» тамыз 2025 жыл

2025-2026 оқу жылының консультативтік пунктін жұмыс жоспары

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасылар диагностикалық, консультациялық және әдістемелік көмек көрсету.

Міндеттері:

- ата-аналарға (заңды өкілдерге) консультациялық қолдау көрсету және балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту мәселелері бойынша педагогикалық құзыреттіліктерін арттыру
- белгілі бір себептермен білім беру ұйымына бара алмайтын балалардың әлеуметтенуін ықпал ету;

№	Тақырыбы	Әдісі	Жауапты	Мерзімі	
1	Оқу жылына арналған консультациялық пункт жоспарын, жұмыс келісінмін бекіту.	Балабақшаға экскурсия	Менгеруші Шамшиева Р О	Тамыз	
2	КП жұмысы туралы ақпараттандыру.	Әлеуметтік желіге жариялау	Әдіскер Ағыбаева С	Жыл бойы	
3	«Логопед маманына қандай жағдайда жүгіну керек?»	Кеңес беру	Логопед Жұмабекова Г	Қыркүйек	
	«Балаға балабақшаға бейімделуге көмектесу»	Кеңес беру	Педагог- психолог Сүлейменова С		
	«Үй-жайларда қимылды ойындарды, спорттық жаттығуларды ұйымдастыру»	Кеңес беру, ашық көрсетілім	Дене шынықтыру жетекшісі Секербекова Ж		Қазан
	«Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған ортаға бейімделу кезінде балалар денсаулығын нығайту, күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру»	Пікір алмасу	Медбике Махатаева М		
	«Үй жағдайында баланың дұрыс тамақтануы мен дәрумендердің пайдасы»	Ұсыныс	Медбике Абиева Роза		

	«Сүйікті бала бақшам»	Бөбекжай-бақша ішілік саяхат	«Құлыншак» тобы тәрбиешілері	
4	"Үй жағдайында балалардың музыкалық қабілеттерін дамыту"	Музыкалық ойындар топтамасы	Музыка жетекшісі Зейноллаева Р	Қараша
5	«Біз саусақтарды дамытамыз, сөйлеуді жақсартамыз»	Дөңгелек үстел	Логопед Жұмабекова Г	Желтоқсан
	"Беске дейін үлгер" мобильді қосымшаның қолдану нұсқаулығы		Топ тәрбиешілері	
	«Сенсорика әлеміне саяхат»		Педагог –психолог Сүлейменова С	
6	«Ғажайып қыс»	Ата-ана мен балалардың қолөнер көрмесі	«Айгөлек» тобы тәрбиешілері	Қаңтар
	«Мектеп жасына дейінгі балаларға танымдық, шығармашылық және музыкалық дамуына арналған түрлі тәсілдерді, ойындарды, жаттығуларды ұйымдастыру»	Кеңес беру	Менгеруші Шамшиева Р.О.	
7	«Көңілді достар»	Эстафеталық ойын	Дене шынықтыру жетекшісі Секербекова Ж	Ақпан
	«Ханталапай»	Ұлттық ойындар		
	«Отбасы жағдайында ертегі сахналау»	Ертегі сахналау	Әдіскер Ағыбаева С.К	Наурыз
8	«Сүйкімді балапан» саусақпен бояу	Ойын іс – әрекет	«Балбөбек» тобы тәрбиешілері	Сәуір
9	«Жаз мезгіліндегі демалысты дұрыс ұйымдастыру»	Кеңес беру	Әдіскер С.Ағыбаева	Мамыр
10	«Біз бақытты баламыз»	Асфальтқа сурет салу	«Гүлдер» тобы тәрбиешілері	Маусым



«Балапан» бөбекжай – бақшасының
менгерушісі

Р.О.Шамшиев

«29» тамыз 2025жы

**«Балапан» бөбекжай-бақшасының
2025-2026 оқу жылында ата –аналарға арналған консультациялық
пункт мамандарының жұмыс кестесі**

№	Мамандар	Лауазымы	Апта күні	Мерзімі
1	Шамшиева Р.О	Менгеруші	Сейсенбі	Сағат 09:30 - 12:30
2	Ағыбаева С	Әдіскер		
3	Судейменова С	Педагог-психолог		
4	Жұмабекова Г	Логопед		
5	Махатаева М	Медбике	Бейсенбі	Сағат 09:30 - 12:30
6	Абиева Роза	Медбике		
7	Секербекова Ж	Дене шынықтыру Жетекшісі		
8	«Кұлыншақ», «Айгөлек» , «Балбөбек», «Гүлдер» топтары тәрбиешілері	Топ тәрбиешілері		

**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
Т. РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «БАЛАПАН»
БӨБЕКЖАЙ – БАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСПОРЫНЫ**

БҰЙРЫҚ № 91-Ө/Қ

Құлан ауылы

29 тамыз 2025 жыл

**Ата-аналарға арналған консультативтік
пункт құру және құрамын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығын 2 тарау 19 тармақшасын негізге ала отырып
БҰЙЫРАМЫН:

1.2025-2026 оқу жылында 2-6 жас аралығында мектепке дейінгі ұйымға 2-6 жас аралығында мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балаларға арналған консультативтік пункт құрылсын.

2.Төменгі құрамда педагогикалық қызметкерлерден тұратын консультациялық пункттің құрамы жасақталсын.

1.Шамшиева Р.О – меңгеруші

2.Ағыбаева С – әдіскер

3.Сулейменова С – педагог-психолог

4.Махатаева М – медбике

5.Канатова М – тәрбиеші

6.Копбаева Э - тәрбиеші

7.Жұмабекова Г – логопед;

8.Секербекова Ж – денешынықтыру нұсқаушысы;

9.Зейноллаева Р – музыка жетекшісі;

3.Консультациялық пункт жетекшісі болып бөбекжай-бақша педагог-психологі Сулейменова С бекітілсін.

4.Консультациялық пункттің жұмыс жоспары және консультациялық пунктіне келетін балалар тізімі № 1 қосымшада тіркелсін.

5.Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

**Бөбекжай - бақшаның
меңгерушісі:**



 **Р.О Шамшиева**

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Балаңыз балабақшаға барады, балаңызға қалай көмектесуге болады?
Әдісі: кеңес беру;

Максаты: ата – аналарға кеңес беру;

Қатысқандар: консультативтік пункпен қамтылған ата-аналар

Барысы:

Баланы балабақшаға беру немесе бермеу жағдайы жанұяның барлық мүшелерінің эмоциялық күйіне, жанұяның маңызды мәселелеріне байланысты. Қазіргі уақытта көпшілік ата-ананы “Бала үшін балабақша қажет пе?” – деген сұрақ толғандырады. «Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиеленген бала мектепке тез бейімделеді, әлеуметтік қатынасқа жақсы түседі, құрдастарымен қарым-қатынаста тәжірибе жинақтайды» – деген түсінік қалыптасқан. Баланың балабақшаға бейімделуі өзінің психо-физиологиялық және тұлғалық ерекшеліктеріне, отбасылық қарым-қатынастарына, мектепке дейінгі мекемедегі қатысу шарттарына байланысты. Анасынан және жанұядан тыс жерде ересектер және өзге балалармен жаңа қарым-қатынас орнату бала үшін қиындық тудырады. Әр бала жаңа жағдайға әртүрлі бейімделеді. Мысалы, 2-3 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс, өйткені анасымен құштарлық сезімі тығыз, анасының жоқ болғаны баланың қарқынды қарсылығын толғатады, әсіресе бала сезімтал болса. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көп өзгеріске түседі. Психолог баланың қиын бейімделу себептеріне тоқталып өтті. Әр отбасында бейімделудің үш түрі бар.

– Жеңіл түрі – баланың мінез-құлпы 10-15 күнде қалпына келеді;

– Орташа ауырлық бейімделу -1 айдың ішінде;

– Ауыр бейімделу – 2 айдан 6 айға дейін. Сонымен қатар психолог бала тез бейімделу үшін төмендегі кеңестерді айтып өтті.

– Баланы бөбекжай - бақшаға апармас бұрын, оның өзге балалармен көбірек араласуына мән беріңіз. Балалар саябағына, ойын алаңдарына жиі ертіп барып тұрғаныңыз абзал. Құмда ойнауға, әткеншекте ұшуға үйрету керек;

– Баланы баратын топтың тәрбиешісімен алдын ала танысып алыңыз. Баланың бойындағы жеке ерекшеліктерінен хабардар етіңіз;

– Бөбекжай - бақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып, баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз;

– Баланың үйдегі жағдайда өзіне-өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сұрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, дәретке сұрану т.б.;

– Баланы ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын.

– Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата-ана жағынан болуы қажет. Бөбекжай - бақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп, балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз.

– Бірінші күні балабақшаға серуенге келген дұрыс: тәрбиешімен танысып, жаңа достар табу үшін.

– Бейімделу кезінде үйде демалыс күндері баламен көп шұғылдану керек.

– Бөбекжай - бақшаға бала тек ауырмай келуі қажет.

Егер де балаңыз жоғарыда айтылған машықтардың бәріне әдеттенген болса, онда ол бөбекжай - бақшаға баруға толығымен дайын. Дегенмен де, баланы бөбекжай - бақшаға дайындауға көбірек уақыт бөлсеңіз, оның жаңа өмірге бейімделуі оңай болмақ.

Қорытынды: тақырып аясында ата – аналар өз ойларын ортаға салып, пікірлерін айтып отырды.

Педагог – психолог: Сулейменова С.О


(Қолы)

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің «Балапан» бөбекжай – бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны**

Анықтама

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық және сөйлеуінің даму деңгейін анықтау»

Әдісі: кеңес береу

Мақсаты: ата-аналарға кеңес беру

Қатысқандар: консультативтік пунктпен қамтылған ата-аналар

Барысы:

Мектеп жасына дейінгі баланың бойына оқу қызметін меңгерту, ол танымдық белсенділікті дамытудың басты бағыты болып саналады.

Танымдық белсенділікті психологиялық – педагогикалық құбылыс ретінде анықтау, бұл балабақша тәрбиеленушілерінің тұлғалық сапасының ерекшелігіне талдау жасауға, тәрбиелеу мен оқыту үрдісін қалыптастыру жағдайлары мен құралдарын қарастыруға мүмкіндік береді. Себебі меңгерілген білімнің сапасы мен беріктігіне тек балаларды оқыту, дамыту және тәрбиелеудің нәтижесі емес, сонымен қатар балалардың өзіндік танымдық іс -әрекетіне қатынасының қатысуымен тәуелді болып келеді.

Бала ойын дамытуда логикалық ойындар ерекшеліктерін алуға болады. Балалардың ойлау қабілетін дамытатын, қызығушылықтарын арттыратын жұмыс түрі – логикалық ойындар. Логикалық ойындар баланы тапқырлыққа, логикалық ойлауға баулып, ойының ұшқырлығына, өздігінен шешім қабылдауға, салыстыруға, дәлелдеуге әсер етеді. Балалардың қызығушылығын арттыруда, танымдық қабілеттерін дамытудағы мақсаты:

Балалардың зейінін, ойлау, зерде үрдістерін дамыту;

Қиялдарын ұштау;

Тапқырлыққа жетелеу;

Қызықты ойындар мен тапсырмаларды орындауға қызығушылығын арттыру;

Балалардың ойлау әрекетін дамытуға ықпал ету;

Логикалық ойындар арқылы білім, білік, дағдыларын қалыптастыру;

Балалардың математикалық тілде сөйлеу қабілеттерін жетілдіру[3].

Баланың бойындағы қабілетті ашу шығармашылық бағытта дамуына жетелейді. Осы орайда логикалық ойлау қабілетін дамытудың өзіндік іс -әрекетін ұйымдастырудың мынандай: «Заңдылықтар», «Нені отырғызу керек?», «Нені орналастырсам екен?», «Сыңарын табыңдар?», «Әзіл жұмбақтар» «Логикалық есептер». «Пішінді орналастыр» логикалық ойын түрлерін айтуға болады.

Осындай ойындарды тапқырлықпен, ізденпаздықпен орындаған балалардың білімділік дағдылары қалыптасып жақсы нәтиже береді.

Педагогика және психология зерттеулері бойынша балалық шақ – баланың жеке тұлға болып өзін – өзі сезінуінің алғашқы сатысы, демек адамгершілік қасиеттер, ақыл –ойы, логикалық және басқада қасиеттерін қалыптастырудың ең негізгі кезеңі

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің «Балапан»бөбекжай –бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны**

Анықтама

Тақырыбы: «Үй-жайларда қимылды ойындарды, спорттық жаттығуларды ұйымдастыру»

Әдісі: кеңес беру, ашық көрсетілім

Мақсаты: Балаларды спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықтарын арттыру. Дене сапаларын күш, жылдамдық, ептілік, икемділікті қалыптастыру. Салауатты өмір салтын ұстауға тәрбиелеу.

Қатысқандар: консультативтік пунктпен қамтылған ата-аналар

Барысы:

Ойын мектепке дейінгі балалар үшін қызықты шаруа бола отырып, сонымен бірге оларды тәрбиелеу мен дамытудың аса маңызды құралы болып табылады. Ойында басқара жүріп, тәрбиеші баланың жеке басының барлық жағына: оның санасына, сезіміне, ерік-жігеріне, мінез-құлқына ықпал жасайды. Ойынды ақыл-ой адамгершілік, эстетикалық және дене тәрбиесінің мақсаттары үшін пайдаланады. Ойын бала үшін нағыз өмір.

Қимылды ойындар алдымен балаға дене тәрбиесін беру құралы. Олар балалардың қозғалысын жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру, қағып алу т.б. жаттықтыру, дамытуға және жетілдіруге мүмкіндік береді. Алуан түрлі қимылдар ірі және майда бұлшық еттердің белсенді әрекеттенуін талап етеді, зат алмасуды, қан айналысының, тыныс алудың жақсы болуына, яғни организмнің тіршілік әрекетінің артуына көмектеседі. Қимылды ойындар баланың нервтік, психикалық дамуына, жеке басының аса маңызды сапаларының қалыптасуына әсер етеді. Алысқа лақтыру, домалап келе жатқан допты ұстау, жердегі допты аяқпен тебу.

Жас ұрпақты жан – жақты дамыған, ой — өрісі биік, тұлғасы сымбатты азамат етіп өсіру үшін тәрбие жүйесінде дене тәрбиесінің алар орны орасан зор. Ал оны неғұрлым ерте кезінен бастап, дұрыс жолға қойып жүргізсе, соғұрлым нәтижесі жемісті болатыны анық. Сау жан – сау денеде ғана болады» — деген. Сондықтан да бүлдіршіндер ағзасының қызметін жетілдіру, денсаулығын жақсарту, жүйкенің жұмысын дұрыс қалыптастырып, ширақ, жігерлі, икемді, сымбатты етіп өсіру, міне, осының барлығын ғылыми негізде тәрбиенің басқа түрлерімен ұштастыра жүргізу – балабақшалардың негізгі мақсаты мен алға қойған үлкен міндетінің бірі. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасады.

Сондықтан, бала ағзасының қызметін жетілдіру қабілетін арттыру осы кездегі ең басты міндет болып табылады. Сонымен қатар балабақшада ата – аналардың қатысуымен түрлі спорттық жарыстар өткізіліп тұрады. Спорттық жарыстар мен түрлі ойын – сауықтар балалардың ой санасының қалыптасуына, өзін еркін ұстап және жан – жақты жетілуіне әсер етеді.

Дене тәрбиесіне байланысты балабақшада

«Шынықсан шымыр боласын»,

«Көңілді достар»,

«Кім жылдам?» деген топ арасындағы эстафеталық жарыстар өткізіліп тұрады.

Қорытынды: тақырып аясында ата-аналарда өз ойларын білдірді.

Дене шынықтыру жетекшісі: Секербекова Ж. 

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің «Балапан»бөбекжай –бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

Анықтама

Тақырыбы: «Үй жағдайында баланың дұрыс тамақтануы мен дәрумендердің пайдасы»

Әдісі: Ұсыныс

Мақсаты: баланың дұрыс тамақтануы мен дәрумендердің пайдасы

Қатысқандар: консультативтік пункпен қамтылған ата-аналар

Барысы:

Дәрумендердің өсіп келе жатқан бала азасына тигізетін әсері өте зор, өйткені олар заттардың алмасуын, иммунитеттің дұрыс қалыптасуын, жүйке жүйесінің қызметін реттейді. Кейбір дәрумендердің тамшылығы балалар өліміне тікелей ықпал етеді. Дәрумендердің бала ағзасында жетіспеушілігінен «гиповитаминоз» деген құбылыс пайда болады. Гиповитаминоздың даму себептерін екі үлкен топқа бөлуге болады:

1. Сыртқы себептер: дәрумендердің бала ағзасына жеткіліксіз мөлшерде түсетін жағдайлар. Мәселен, нәрестені ұзақ уақыт сиыр сүтімен тамақтандырғанда, тамақ құрамында көкөністердің аз болуы, жеміс-жидек шырындарын балаға кешіктіріп немесе жеткіліксіз мөлшерде беру, тамақты дұрыс дайындамау және сақтамау, құрамында көмірсулары көп тағамдарды – қант, ақ нан, кондитерлік өнімдерді шамадан тыс мөлшерде пайдаланғанда.

2. Ішкі себептер: бала асқазан, өт, бауыр, ұйқы безі, ішек ауруларымен сырқаттанғанда және ауыр, ұзаққа созылған инфекциялық ауруларда, темекі тартатындар мен нашакорларда ағзасына ауыр физикалық салмақ түсетін спортшы аналарда гиповитаминоз пайда болады.

Гиповитаминоздың негізгі клиникалық белгілері:

- баланың көңіл-күйінің төмендеуі;

- ақыл-ойы, күш-жігері әлсірейді. Оның ішінде кішкентай балалардың тәртібі нашарлап, қимылдау қабілеті азаяды, психикалық дамуы тежеліп не өзгереді;

- баланың иммунитет жүйесінің жұмысы төмендейді, яғни олар инфекцияларға қарсы тұра алмайды, кез келген аурумен тез ауырады олар ұзақ ауырып, көбіне аурудың созылмалы түріне айналады;

- баланың физикалық дамуы төмендеп, өзінің жасына сай келмейді, дене салмағы мен бойы өз құрбыларыныкінен қалыс келеді;

- ағза мүшелері мен жүйелерінің қалпына келу қабілеттілігі төмендейді.

Әсіресе, дәрумендер тапшылығы пайда болатын көктем айларында баланың ішетін тамақ құрамында жеткілікті мөлшерде көкөніс, жеміс-жидектер болуы керек. Сонымен қатар, ет, жұмыртқа, сүт және сүт өнімдері мен өсімдік майларының да қажетті мөлшерде болуы шарт.

Сондықтан біз қай дәрумендердің қандай қасиеті бар екенін және қандай өнімдерде болатынын білуіміз керек.

A – дәрумені көздің көруін жақсартады, терінің жазылуына, жаңаруына көмектеседі, бауырды қорғайды. Ол сәбізде, шабдалда, сары өрікте, бананда, жүгеріде, асқабақта, жұмыртқада, қаймақта, шпинатта болады.

B1 – дәрумені көмірсулар айналымын, судың тепе-теңдігін реттейді. Ол қара нанда, кебегі бар нанда, бауырда, жармада, етте, сиыр сүтінде болады.

B2 – дәрумені ағзаның өсуіне, заттардың алмасуына көмектеседі. Сүтте және оның өнімдерінде, етте, балықта, нанда, ашығқыда болады.

B6 – дәрумені жүйке қызметін реттейді, жүрек етінің жиырылуын күшейтеді. Ол бауырда, қара нанда, картопта, етте, балықта, бананда, бұршақта, сояда болады.

В12 – дәрумені бауыр мен жүйке жүйесіне жақсы әсер етеді, қанның ұйытушы жүйесін жақсартады. Бауырда, бүйректе, жұмыртқаның уызында болады.

С – дәрумені қанның ұйығыштығын, ағзаның инфекцияларға қарсы тұру қабілетін арттырады. Цитрустарда, итмұрында, қарақатта, қырыққабатта, кивиде, сельдерейде болады.

Д – дәрумені сүйектің минералдануы мен катаюына көмектеседі. Балық майында, треска бауырында, балық уылдырығында, жұмыртқада, сүтте, сары майда бар.

Е – дәрумені тері мен шырышты қабаттың жазылуын жақсартады. Жанғақта, көк бұршақта, жүгеріде, цитруста, сельдерейде, өсімдік майында болады.

Қорытынды: тақырып аясында ата-аналарда өз ойларын білдірді.

Медбике: Абиева Р. Асыл

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің «Балапан»бөбекжай –бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны**

Анықтама

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған ортаға биімделу кезінде балалар денсаулығын нығайту, күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру»

Әдісі: кеңес беру

Мақсаты: ата-аналарға кеңес беру

Қатысқандар: консультативтік пункпен қамтылған ата-аналар

Барысы:

Ата-аналарға төмендегідей кеңес берілді.

Дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібінің баланың өсуі мен денсаулығын нығайтуда маңызы зор. Бұл өз кезегінде отбасындағы тәрбиелеу және білім беру жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, ол бала бойында жақсы әдеттерді қалыптастыруға, ерік-жігерін нығайтуға, ұстамдылық, ұқыптылық сияқты басқа да маңызды қасиеттерді жетілдіруге көмектеседі. Демек, бұл қандай жаста болмасын баланың бір күндік күн тәртібін дұрыс ұйымдастырудың аса мәнді екендігін дәлелдейді. Сондықтан, «күн тәртібінің» дұрыс ұйымдастырылуы – баланың жан-жақты дамуы үшін аса қажетті тәрбиелеу – білім беруші іс-шаралар жүйесі ретінде күн тәртібін жүзеге асырудың шарты болмақ.

Дұрыс құрылған күн тәртібі дегеніміз күн барысындағы сергу мен ұйқының үйлесуі, іс-әрекеттің әр түрінің және сергу процесіндегі демалыстың мақсатқа сәйкес тиімді алмасуы, яғни:

- 1) уақытында дұрыс тамақтану;
- 2) ұйқының қануы;
- 3) таза ауада жеткілікті серуендеу.

Күн тәртібінің маңыздылығы мен қажеттігі мынада, ол дененің ішкі мүшелері мен организмнің физиологиялық жүйелерінің дұрыс қалыптасуын және баланың сергектігін қамтамасыз етеді, жүйке жүйесін артық шаршаудан қорғайды, өз уақытында дұрыс дамуы үшін жағымды жағдай орнатады, жағымсыз факторлардың әсеріне қарсы тұру, жана жағдайларға бейімделе білу қабілетін қалыптастырады.

Өзінің жасына сәйкес, құрылған күн тәртібіне үйренген балалардың тәртіптілігімен, еңбек ете білу іскерлігімен, мінез-құлқының тұрақтылығымен, анықтығымен, белсенділігімен ерекшеленетіні айтпаса да түсінікті. Міне, осылардың барлығы баланың жақсы денсаулығының және дұрыс дамуының көрсеткіші болмақ.

Дұрыс ұйымдастырылған «күн тәртібі», бір жағынан ата-анаға өз уақытын ұтымды бөлуге көмектесе, екінші жағынан отбасында тәрбиелеу-білім беру процесін және оның әр саласын (адамгершілік тәрбиесі, еңбек тәрбиесі, ақыл-ой тәрбиесі, және т.б.) дұрыс ұйымдастыруға көмектеседі. Баланы тәрбиелеудің негізгі шарты – отбасында күн тәртібін дұрыс орындау. Ол үшін тәрбиеші ата-аналарды топтағы күн тәртібімен таныстырып, үйде және демалыс күндері баланың күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруға кеңес береді.

Қорытынды: Ата-аналар осы айтылған мәтін бойынша өз ойларын айтып, пікірлерімен бөлісті.

Медбике: М. Махатаева 

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің «Балапан» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

Анықтама

Тақырыбы: "Үй жағдайында балалардың музыкалық қабілеттерін дамыту"

Әдісі: Пікір алмасу

Мақсаты: Музыкалық ойындар топтамасын түсіндіру

Қатысушылар: Консультативтік пункттен қамтылған ата-аналар

Барысы:

Отбасындағы баланың музыкалық тәрбиесі мен дамуы үшін мен сізге, ата-аналарға, қарапайым музыкалық ойындарды ұсынғым келеді. Бұл ойындарды сіз үйде, отбасылық мерекелерде және қонақта, сондай-ақ балабақшаға барар жолда ойнай аласыз. Балаларды музыкамен ерте жастан бастап таныстыру өте маңызды, өйткені бұл баланың есту қабілетін, көңіл-күй сезімін, қиялын, зейінін және эмоционалды сферасын дамытуға ықпал етеді.

1. «БІЗ ЭНДІ ТЕБЕКТЕЙ АЙТАМЫЗ»

Ойында ойынның барлық қатысушылары білетін әндер қолданылады, мысалы, мультфильмдердегі балалар әндері. Бірінші қатысушы ән айта бастайды және бірінші жолды, екінші жолды келесі қатысушы айтады және т.б. Ойынның мақсаты – тоқтаусыз ән айту.

2. «СӨЗ НОТАЛАРЫН ОЙЛАП ТАП»

Ойынға қатысушылар кезек-кезек жеті нотаға сәйкес келетін комбинациялары бар сөздерді ойлап тауып, дауыстап айтады. Нәтижесінде бірқатар сөздер болуы керек. Мысалы: домбыра – терезе – ми – фартук – фасов – – .

3. «ӘН, Ы, МАРШ»

Бірінші қатысушы музыканың кез-келген жанрын атайды, екінші қатысушы оны қозғалыстармен бейнелеуі керек (егер ол марш немесе би болса) немесе ән айтуы керек. Тапсырманы орындағаннан кейін екінші қатысушы жанрды атайды, ал келесі қатысушы жанрды көрсетеді және т.б.

4. «ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ»

Ең қарапайым музыкалық ойындардың бірі – соққан ырғақты есте сақтау. Қатысушылардың біріншісі қарапайым ырғақты ойлап тауып, оны алажанымен ұрады. Екінші қатысушы қайталайды және басқа ырғақты ойлап табады және шапалақтайды. Және т.б.

5. «ҚАҒУ»

Бұл ойынға музыкалық аспаптар қажет. Егер үйде музыкалық аспаптар болмаса, онда дыбыс шығаруға болатын заттар қолайлы, мысалы, металл ас қабырғалары, текшелер және т.б. ор түрлі материалдарды – ағаш қорғандарды немесе пластикалық қорғандарды, металл банкалар мен кастрюльдерді қолданған жөн. Сіз оларды металл таяқшалармен немесе қасықтармен ұра аласыз. Бірінші қатысушы заттардағы ырғақты ойлап табады және "ойнайды", мысалы, ырғақты өрнектің бір бөлігін ағаш бетіне, ал бір бөлігін металл соғу үшін темір

таяқшаларды пайдаланады. Екінші қатысушы бірдей тақырыптар мен тембрлерді қолдана отырып, ырғақты үлгіні қайталайды.

6. «АЙНАЛАМЫЗДАҒЫ ДЫБЫСТАР»

Қатысушылар оларды қоршап тұрған дыбыстарды тыңдайды және кезек-кезек ән айтады. Мысалы, қатысушы ұшақтың дыбысын естіп, бір дыбыста ән айтады: "у-у-у-у-у", сонымен қатар қатысушы дауыстың алысқа жақындап, ұшақтың ұшып бара жатқанын бейнелейді, дыбысты біртіндеп күшейтіп, әлсіретеді.

Қорытынды: Тек қана тәрбиеші немесе балабақша мамандары ғана емес, әкелер мен аналар да үй жағдайында балалардың шығармашылығын дамыта алады. Отбасындағы баланың музыкалық тәрбиесі мен дамуы үшін мен сізге, ата-аналарға, қарапайым музыкалық ойындарды ұсынғым келеді. Бұл ойындарды сіз үйде, отбасылық мерекелерде және қонақта, сондай-ақ балабақшаға барар жолда ойнай аласыз. Балаларды музыкамен ерте жастан бастап таныстыру өте маңызды, өйткені бұл баланың есту қабілетін, көңіл-күй сезімін, қиялын, зейінін және эмоционалды сферасын дамытуға ықпал етеді.

Музыка жетекшісі: Зейноллаева Р.М.



**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің «Балапан»бөбекжай –бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны**

Анықтама

Тақырыбы:«Сүйікті балабақшам»

Әдісі: Бөбекжай-бақша ішілік саяхат

Мақсаты: Балабақшаға деген қызығушылығын сүйіспеншілігін арттыру.

Қатысқандар:консультативтік пункпен қамтылған ата-аналар

Барысы:

«Бала естігенін айтады, көргенін істейді» - деп қазақ халқы бекер айтпаған. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор. Кішкентай сәбилеріміз ата – анасының, тәрбиешісінің, достарының мінезінен, жүріс – тұрысынан, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен үлгі алуға тырысады. Бала бойына адамгершілік қасиеттерді ойын, салт – дәстүр, мақал – мәтелдер, ертегілер, жұмбақтар, айтыс өлеңдер арқылы сіңіру ата – ана мен тәрбиешілердің басты міндеті. Балаларды еңбек сүйгіштікке баулу арқылы, адамгершілік, эстетикалық қасиеттерін дамытуға болады.

Адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу күнделікті балабақша өмірінде, тәрбиешінің жұмыс күнін ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде қамтылады. Тәрбиешінің тәртібі, іс – қимылы, балалармен, үлкендермен қарым – қатынасы кішкентай сәбилер үшін үлгі болып, олардың жеке басының қалыптасуына ықпал етеді. Балабақша мен отбасы арасындағы тығыздық артқан сайын бүлдіршіндеріміздің адамгершілік құнды қасиеттері арта түседі. Осыдан келіп, бүлдіршіндерімізде жақсы қылықтар, ұжымдық қарым – қатынас, адамгершілік сезімдері, еңбексүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, жауапкершілік, патриоттық сезімдер туралы түсініктер қалыптасады.

Өз – өзіне қызмет ету,

- Кішкентай топтарда балалар тәрбиеші көмегімен киініп, жуынып, сүртінеді, бір – біріне көмектеседі, «рахмет, кешір, өтінемін» сөздерін айтуға баулу. Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымда қарым – қатынастарын қалыптастыру. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады немқұрайлықтың пайда болуына, құрбыларына, үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды.

- Тұрмыстық қызметте топтағы ойыншықтарды жинау, оларды күтіп ұстау, топты таза ұстау. Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетіне қажет ермек саз, тақтайша, қылқалам т.б заттарды дайындауға көмектесуі. Осылайша біз бүлдіршіндерімізді қайырымдылыққа, кішіпейілділікке шақырып, жақын адамдарына қамқор болуға үйретеміз.

- Серуен кезінде гүлдерді қопсыту, шөптерін жұлу, ойын алаңымызды таза ұстауға үйрету. Бірде серуенде сәбилерді жапырақ жинауға шақырдым, балалар 2 – 3 жапырақ жинаған соң «жинағым келмейді» деп тарай бастады. Сол кезде мен жұмыс жоспарын ойын жоспарына айналдырып жібердім, әкелген жапырақтардан бастарына гүлшоқ жасадым, оны көрген кішкентайлар қуанып, барі де жинай бастады. Бұл серуенде балаларды тек қана жапырақ жинауға емес, топпен жұмыс жасауға, үлкендерге көмектесуге, еңбексүйгіштік қасиетінің алғашқы игеріміне баулыдым.

Адамгершіліктің құнды қасиеттерінің негізі отбасында қалыптасады, адамгершілік тәрбие отбасынан бастау алатын болғандықтан инабаттылық, мейірімділік, ана сүтімен, ана тілімен келетіні анық. Сол себепті халық даналығы: «Сүтпен біткен мінез, сүйекпен кетеді» бекер айтпаған. Дана, ойшыл Абай ағамыз бұл туралы былай деген: «балаға мінез үш алуан адамнан жұғалы; бірінші – ата – анасынан, екінші – ұстазынан, үшінші – құрбысынан».



